Ф-04-01-04-25-05

Бекітемін
Университет ректоры
_________ Қ. Байболов
«23» ________ 20 25 ж.

**Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университеттің 7М01701-Қазақ тілі мен әдебиеті педагогтарын даярлау білім беру бағдарламасы бойынша «Білім сапасын қамтамасыздандыру бойынша тәуелсіз агенттігі» (IQAA) сыртқы сарапшылар тобының ескертулерін жою және ұсынымдарын іске асыру жөніндегі түзету іс-шаралар жоспары**

| № | Анықталған сәйкессіздіктер (ескертулер), ұсыныстар | Түзету іс-шаралар | Орындау мерзімі | Жауаптылар |
|---|---|---|---|---|
| 1 | **Ескертулер:** Ұсынылып отырған тұжырымда білім беру бағдарламасының әдістемелік бағытқа басымдық беру қажеттілігі орынды көрсетілгенімен, магистрлік диссертация тақырыптарының мазмұнын шектеуге әкеліп соқтырмауы тиіс. | 1. Магистрлік диссертация тақырыптарын таңдау кезінде білім беру бағдарламасының әдістемелік бағыттарын қамтитын жалпы қағидалар әзірлеу.<br>2. Оқытушылар мен магистранттарға әдістемелік бағыттар мен диссертация тақырыптарын таңдау бойынша семинарлар өткізу.<br>3. Әдістемелік бағыттар мен оқыту әдістерінің кең ауқымын ескере отырып, магистрлік диссертация тақырыптарының дұрыс және теңгерімді таңдалуын қамтамасыз ету.<br>4. Тақырыптар тізімін әзірлеу, бірақ | 2026-2027 оқу жылы<br>(әр жылдың қыркүйек айында) | Кафедра меңгерушісі Мамыт А.А.,<br>ПОҚ |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | оны белгілі бір бағыттармен шектемей, еркін әрі жан-жақты зерттеулер жасауға мүмкіндік беру. | | |
| 2 | Профессор-оқытушылар құрамының сыртқы академиялық ұтқырлығы әлсіз деңгейде жүзеде, халықаралық алмасу бағдарламаларына қатысу көрсеткіші төмен.<br>Профессор-оқытушылар құрамының ғылыми жарияланымдық белсенділігі төмен деңгейде. | 1.Халықаралық алмасу бағдарламаларына қатысу үшін профессор-оқытушылар құрамын ынталандыру мақсатында университеттің халықаралық байланыстар бөлімімен бірлесіп, нақты жоспар жасау.<br>2. Профессорлар мен оқытушыларға шетелде ғылыми конференциялар мен семинарларға қатысуын ұйымдастыру.<br>3. Халықаралық ғылыми бірлестіктермен және университеттермен серіктестік орнату.<br>4. Сыртқы академиялық ұтқырлықты арттыру үшін университеттің сыртқы серіктестерімен келісімдер жасасып, оқытушылар үшін арнайы ғылыми тағылымдамалар ұйымдастыру.<br>5. Профессорлар мен оқытушыларға ғылыми жарияланымдардың сапасын арттыру үшін ғылыми редакторлармен және | 2026-2030 оқу жылы<br><br>2026-2027 оқу жылы | Халықаралық байланыстар департаменті<br><br>Кафедра меңгерушісі Мамыт А.А., Арынбаева Р.А., ПОҚ |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | сарапшылармен бірлесіп жұмыс істеу мүмкіндігін қарастыру.<br>6. Жаңа ғылыми тақырыптар мен зерттеу салалары бойынша семинарлар мен ғылыми кездесулер өткізу, оларды жариялау.<br>7.Ғылыми жұмыстарға тарту үшін оқытушыларды зерттеу жобаларына біріктіру, әртүрлі ғылыми зерттеу бағыттары бойынша бірлескен жобалар жасау. | | |
| 3 | **Ұсыныстар:** Болашақ қазақ тілі мен әдебиеті педагогтарының ғылыми-зерттеу құзыреттерін жан-жақты дамыту үшін тек әдістемелік емес, сонымен қатар лингвистикалық, әдебиеттанулық және пәнаралық бағыттағы зерттеулерге де мүмкіндік берілгені жөн. | 1.Ғылыми зерттеу дағдыларын жетілдіру курстарын ұйымдастыру: Болашақ педагогтардың ғылыми жұмыс жасау дағдыларын дамыту үшін арнайы курстар мен тренингтер өткізу.<br>2. Әдістемелік, лингвистикалық және әдебиеттанулық бағыттарды біріктіретін ғылыми зерттеу жобалары ұйымдастыру, сонымен қатар пәнаралық зерттеулер жүргізу.<br>3. Лингвистика мен әдебиеттануды біріктіретін ғылыми жұмыс түрлерін енгізу, сонымен қатар тіл мен әдебиеттің өзара байланысы туралы зерттеулерге арнайы бағыттар жасау. | 2026-2027 оқу жылы | Кафедра меңгерушісі Мамыт А.А.,<br>ПОҚ |
| 4 | Білім беру бағдарламасы болашақ | 1. Магистранттарға арналған | 2026-2030 | Кафедра меңгерушісі |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | педагог мамандарды даярлайтын болғандықтан магистрлік диссертация тақырыптарында әдістемелік бағытқа басымдық берілуін ұсынамыз. | әдістемелік семинар өткізу.<br>2. Магистранттарға диссертация тақырыптарын таңдау бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу.<br>3. Әдістемелік бағыттағы жаңа диссертация тақырыптарын дайындау.<br>4. Магистрлік диссертация тақырыптарының тізімін қайта қарау және әдістемелік бағыттағы тақырыптардың үлесін арттыру. | (жыл сайын) | Мамыт А.А.,<br>ПОҚ |
| 5 | Білім беру бағдарламасының сапасын одан әрі арттыру мақсатында профессор-оқытушылар құрамының сыртқы академиялық ұтқырлығын жандандыру | 1. Қолданыстағы меморандумдарды талдау және рейтингі жоғары шетелдік ЖОО-лармен жаңа келісімшарттар жасасу.<br>2. Ұтқырлыққа жіберілетін оқытушыларға қойылатын талаптар мен іріктеу критерийлеріне (KPI) сәйкестендіру жұмыстарын жүргізу.<br>3. Сырттан келген оқытушының есебін тыңдау, шетелдік әдістерді оқу бағдарламасына (Syllabus) енгізу. | 2026-2030 | Кафедра меңгерушісі Мамыт А.А.,<br>ПОҚ |
| 6 | Профессор-оқытушылар құрамының Scopus дерекқоры ғылыми басылымдарының тізбесіне енгізілген журналдарға ғылыми мақалалар жариялау санын арттыруды ұсынамыз | 1. Шетелдік рецензенттермен және редакторлармен кездесу (вебинар) өткізу.<br>2. Scopus журналдарында мақала жариялауға бағытталған жылдық жоспар әзірлеу. | 2026-2029 | ПОҚ |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | 3. Шетелдік серіктес-ғалымдармен бірлесіп (Co-authorship) мақала жазуды күшейту.<br>4. Scopus дерекқорындағы журналдарға мақала жариялаған ПОҚ-ты ынталандыру. | | |

Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының меңгерушісі ____________ Мамыт А.А.